



Қаңтар айының соңғы дүйсенбінде өткен Ректорат отырысы маңызды тақырыптарға арқау болды. Дәл осы күні ҚазҰУ-дың проректорлары 2013-2014 оқу жылының I жартыжылдығындағы кафедралар мен факультеттердің индикативті жоспарларының орындалуы туралы қорытынды жасады. Оқу, білім, ғылым, тәрбие, әлеуметтік салалар бойынша жетістіктер мен қолға алынар жоспарлар айтылды.

## ТӘРБИЕ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ИННОВАЦИЯ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА БОЛУЫ КЕРЕК



Университеттегі оқу-әдістемелік жұмыстардың орындалуына тоқталған Оқу жұмысы жөніндегі проректор Дархан Ахмед-Зәки осы саланы дамыта түсу үшін бірнеше қағидадан тұратын қаулымен бөлісті. Соның бір-екеуіне тоқтала кетсек. Проректор әр факультеттердегі деканат және кафедралар отырысында 1 ақпанға дейін Индикативті жоспардың орындалуын талдау қажеттілігін айтты. ҚР Білім және ғылым министрлігі үлгісіне сай нормативті құжаттар талабы

негізінде 2014 жылдың маусым айына дейін электронды курстарды, оқу құралдарын және оқулықтарды жасауды да алға тартты. Ағымдағы жылдың қыруйек айына дейін ағылшын тілінде оқитын топтар мен пәндердің санын арттыруды, шетелдік оқытушы-профессорлар тарапынан оқылған дәрістердің видеожазбасын УНИВЕР жүйесіне орналастыруды да қолға алуды қадап айтты.

Жалғасы 2-бетте

## 2013 ЖЫЛҒЫ «ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» АТАҒЫНЫҢ ИЕГЕРЛЕРІ

2013 жылғы «ЖОО үздік оқытушысы» республикалық байқауының қорытындысы шығарылды. Бұл байқауға еліміздің барлық жоғары оқу орындарынан 555 үміткер қатысқан. Үздік оқытушы атаңдар мемлекеттік грант есебінен әлемнің үздік университеттерінде тағылымдамадан өтіп, өздерінің ғылыми жобаларын жүзеге асыра алады, сондай-ақ халықаралық ғылыми конференциялар, симпозиумдар, конгрестер жұмысына қатысуға мүмкіндіктері бар.

«ЖОО-ның үздік оқытушысы» республикалық конкурсы ҚР Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасы бойынша ұйымдастырылды. Ол қазақстандық ғалымдардың біліктілігін, шығармашылық әлеуетін арттыруға бағытталған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен 23 оқытушы 2013 жылдың үздік оқытушылары атағын жеңіп алды. Төменде жеңімпаз оқытушылардың тізмін жариялап отырмыз.

«Қазақ университеті» газетінің редакциясы ҚазҰУ ұжымы атынан барлық жеңімпазды құттықтап, еңбектеріне табыс, шығармашылық жетістік тілейді! Ұлт болашағы үшін атқарар ұлы істеріңіз көп болсын деген тілек айтады.

Жалғасы 2-бетте

## КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР МЕКТЕБІ - ТӘРБИЕ КӨЗІ

Куратор-эдвайзер мектебі философия және саясаттану факультеті, жалпы және этникалық педагогика кафедрасы негізінде 2011-2012 оқу жылында құрылды. Куратор-эдвайзер - студенттік топтарда оқу-тәрбие жұмысын жүргізу барысындағы басты тұяға. Бұл мектеп 1 курс студенттерінің университетке бейімделуіне, олардың рухани жаңғыруына, бос уақытының тиімді өтуіне ықпал етеді. Сонымен қатар студенттер арасында достық қарым-қатынастың, қайырымдылық сезімнің, бірлік пен ынтымақтың орнауын, білімгерлердің университет ережесіне бағынуын, әртүрлі университеттік ұйымдарға, үйірмелер мен клубтарға қатынасуын қадағалау да, білім сапасын жақсарту да, ата-аналармен байланыс жасау да куратор-эдвайзерлер жұмысының негізі. Ата-анасынан жырақ жүрген студенттерге әртүрлі қиындықтарды жеңе білуді үйрету де куратор-эдвайзерлерге жүктелген. Осы орайда Куратор-эдвайзер мектебі университет көлемінде куратор-эдвайзерлерге әдістемелік кеңес берумен қатар педагогикалық-психологиялық көмек көрсету орталығы болып табылады.

Жаңа оқу жылында әрбір куратор-эдвайзер жаңа жоспарлар жасайды. Университетке жаңа студенттер, жаңа екпін, жаңа ұрпақ келеді. Бұл ретте куратор-эдвайзерлер педагогикалық шеберліктерін дамытумен қатар тәрбие жұмысын да жандандыруы қажет. Осы орайда алдағы уақытта «Студент жастарды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу жолдары» тақырыбында қысқы және жазғы тренинг семинар жүргізу жоспарлануда. Президенттің «Студенттер дамуының

траекториясы», «Студенттердің шығармашылық іскерлігі мен коммуникативтік дамуы», «Студенттерге арналған тайм-менеджмент» және т.б. идеяларын дамытуға бағытталған куратор-эдвайзерлер үшін семинарлар мен дөңгелек үстелдер жүргізуді де биылғы оқу жылы жоспарына ұсынып отырмыз. Университеттің барлық куратор-эдвайзерлері үшін аптасына 2 рет кеңес беру сағаты жолға қойылған. Онда әрбір куратор-эдвайзерлермен әртүрлі мәселелерді талқылаймыз.

Мысалы: 1 курс студенттерін студенттік өмірге бейімдеу мақсатында сауалнамалар жүргізіліп, ол студентке қандай тұрғыдан көмек керек екендігі анықталып, көмек көрсету, әлеуметтік-психологиялық диагностика жүргізу, студенттердің жеке жетістіктерін жетілдіру мен дамытуда тәрбие жұмысының формалары мен әдістерін қолдану жолдары айқындалды. Осы бағытта тәрбиелік жұмыс жасауға куратор-эдвайзерлерге педагогикалық-психологиялық кеңес берілді. Мәселен, 15 қаңтарда «Қауіп-қатер тобындағы студенттермен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы» тақырыбында семинар-тренинг өтті. Жалпы аутодеструктивті мінез-құлық – қазіргі таңда кең таралып кеткен күрделі де қауіпті феномен. Бұл адамның қалыпты дамуына, дене бітімі мен психологиялық денсаулығына қауіп төндіретін мінез-құлық.

Қазіргі таңда бұл мінез-құлықтың төмендегідей түрлері кең тараған:

\*Аутоагрессивті мінез-құлық (суицидалды мінез-құлық түрлері);

Жалғасы 3-бетте

### БҮГІНГІ САНДА:

РАЗВИВАЯ  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ  
НАВЫКИ



3 - стр

### БҮГІНГІ САНДА:

ҚАЗІРГІ  
ЖАСТАР ТІЛІ



7 - бет

### БҮГІНГІ САНДА:

ҚОҒАМ ДЕРТІ –  
“СУИЦИД”



8 - бет

Жалғасы. Басы 1-бетте

## ТӘРБИЕ, БІЛІМ, ҒЫЛЫМ, ИННОВАЦИЯ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСТА БОЛУЫ КЕРЕК

Ал Ғылыми инновациялық-қызмет жөніндегі проректор Тілекқабыл Рамазанов биылғы оқу жылының бірінші жарты жылдығында атқарылған ғылыми-зерттеу және инновациялық жұмыстарға тоқталды. Бұл салада оқытушы-профессорлар құрамының импакт-факторлы жарияланымдары, ғылыми монографиялары, шетелде жарық көрген еңбектері, білім саласында иеленген халықаралық марапаттары, студенттер мен магистранттардың алыс-жақын шетелдердегі ғылыми жарияланымдары сияқты бірнеше талаптар қарастырылды. Бір сөзбен айтқанда ғылым мен инновацияны дамытудағы сүбелі үлестер таразыға салынды. Сараптай келе, Т. Рамазанов «Horizon 2020» Еуропалық Одақ жаңа бағдарламасы аясында байқауға қатысу, Дүниежүзілік Банк және ҚР БЖҒМ технологияны коммерциализациялау гранты бағдарламасына қатысу сияқты талаптарын жеткізді. Ал тәрбие және әлеуметтік бағыттар бойынша индикативті жоспарлардың орындалуына тоқталған Әлеуметтік даму жөніндегі проректор Шолпан Жаманбалаева 5 ақпанға дейін индикативті жоспардың қорытындысын факультет декандарының, кафедра меңгерушілерінің оқу-әдістемелік және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларымен, аға кураторларымен талқылауды Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент директоры Мендігүл Ноғайбаеваға ұсынды. Соңдай-ақ осы жұмыс тобына үйірме жұмыстарының қорытындысын да сарапқа салуды тапсырды. Факультет декандары мен кафедра меңгерушілеріне имидждік жұмыстардың санын арттыру, студенттік фандрайзинг жұмысын ұйымдастыру, түлектер қауымдастығымен жұмысты жақсарту, индикативтік жоспар



**Ғалым Мұтанов, ҚазҰУ ректоры:**  
- Әр оқытушы студент тәрбиесіне тікелей жауап беруі керек. Тәрбие жұмысы өте маңызды. Барлық жұмыс, алдымен, тәрбиеге арналу керек, ал оқыту, ғылымға баулу – бұлар оқытушылардың еңбек ақысы төленетін кәсіби жұмысы. Ал тәрбие – бұл біздің қоғам алдындағы, болашақ алдындағы парызымыз.

бойынша эндаумент-қордың демеушілік көздерін қамтамасыз ету жұмыстарын қадап айтты. Тәрбие, әлеуметтік жұмыстарға ерекше назар аударылды. Қара шаңырақтың оқытушы-профессорлар құрамы осылайша тәрбие, білім, ғылым, инновацияны сәйкестендіре отырып дамытуды басты назардан ес шығарған емес. Олар кезекті ректорат отырысынан айтылған міндет, жоспарларды атқаруға кеңесіп, келісіп тарқасты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА



## ВО БЛАГО ПРОЦВЕТАНИЯ СТРАНЫ

Студенты-иностранцы, обучающиеся на факультете довузовского образования КазНУ, с большим интересом восприняли Послание Главы государства Н. Назарбаева «Казахстанский путь-2050: единая цель, единые интересы, единое будущее».

Находясь на учебе в Казахстане, многие из них понимают, что обращение Лидера нации стало одним из самых значимых событий в жизни страны, так как оно представляет собой программу конкретных практических дел, направленных на развитие страны и улучшение жизни казахстанцев.

Эта программа развития республики была особенно понятна представителям Южной Кореи и Китая, так как их страны прошли аналогичный путь и, совершив модернизационный рывок, вошли в число развитых стран мира. Южнокорейские студенты Ким Хюн Су и Джон Хусынг рассказали о реальных

шагах развития своей национальной экономики и подчеркнули, что в основе «корейского экономического чуда» лежит эффективный труд на благо страны. Об этом же говорит и Президент РК: «Каждый должен понимать и знать, что в рыночных условиях надо не ждать манны небесной, а эффективно трудиться».

Живой интерес иностранных слушателей вызвало и то, что Глава государства уделяет большое внимание развитию здравоохранения и пропаганде здорового образа жизни. Идея Президента о том, что Казахстан может стать одним из ведущих евразийских центров медицинского туризма,

Жалғасы. Басы 1-бетте

## 2013 ЖЫЛҒЫ «ЖОО ҮЗДІК ОҚЫТУШЫСЫ» АТАҒЫНЫҢ НЕГЕРЛЕРІ

Артемьев Александр Михайлович – рекреациялық география және туризм кафедрасының меңгерушісі

Архипов Юрий Вячеславович – плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының меңгерушісі

Асқарова Маулкен Әкішқызы – география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасының доценті

Атабай Бәтiш Алтайбекқызы – арабтану және ирантану кафедрасының доценті

Ахмет Күләш Садыққызы – қазақ әдебиетінің теориясы және тарихы кафедрасының профессоры

Ахметбекова Ақбота Кәрібайқызы – арабтану және ирантану кафедрасының меңгерушісі

Бөлегенова Салтанат Әлиханқызы – жылу физикасы және техникалық физика кафедрасының меңгерушісі

Бөрбасова Қарлығаш Молдағалиқызы – дінтану және мәдениеттану кафедрасының профессоры

Даулетғалиев Сәкен Қаламқалиұлы – метеорология және гидрология кафедрасының профессоры

Даулетов Асқар Ербұланұлы – физика-техникалық факультетінің деканы

Жансараева Рима Еренқызы – қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу, криминалистика кафедрасының меңгерушісі

Жұмағұлова Қарлығаш Нұрманқызы – плазма физикасы және компьютерлік физика кафедрасының профессоры

Ивашенко Анатолий Тимофеевич – биотехнология кафедрасының профессоры

Қазыбек Гүлмира Құдайбергенқызы – филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің деканы

Қаирбеков Жақсынтай – физикалық химия, катализ және мұнай химиясы кафедрасының профессоры

Қалшабаева Бибизия Кенжебекқызы – археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры

Купешова Сәуле Телеуханқызы – менеджмент және маркетинг кафедрасының доценті

Мәукебаева Ғалия Ахметуалиқызы – халықаралық қатынастар және әлемдік экономика кафедрасының профессоры

Мұсабеков Қуанышбек – аналитикалық, коллоидтық және сирек элементтер химиясы мен технологиясы кафедрасының профессоры

Мысаева Қарлыға Нақысбекқызы – ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғаммен байланыс кафедрасының доценті

Савицкая Ирина Станиславовна – биотехнология кафедрасының профессоры

Хаджиева Леля Азретқызы – математикалық және компьютерлік үлгілеу кафедрасының профессоры

Шәкіров Кәрімжан Нұрымұлы – халықаралық қатынастар факультетінің деканы

КҮНТІЗБЕЛІК

Басы өткен санда

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

1953 жыл

Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер профессор **А.З. Закарин** ректорлық қызмет атқарды.

1955 жыл

Академик, биология ғылымдарының докторы, профессор, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер **Т.Б. Дарқанбаев** ректорлық қызметке келді.

Мамыр айында ҚазМУ-да Алматы заң институтының қайта құрылу есебінен заң факультеті құрылды.

**28 тамызда** есеп және статистика кафедрасы құрылды.

**29 тамыз** күні КПСС тарихы кафедрасы құрылды.

1958 жыл

Жер қыртысында ядролық процестер мен космостық сәулелер мәселесі зертханасы ұйымдастырылды.

**1 қыркүйекте** сирек элементтер химиясы кафедрасы құрылды.

**30 қыркүйек** күні Қазақ ССР тарихы кафедрасы құрылды.

1959 жыл

Мамыр айында физика-математика факультеті физика және механика – математика факультеті болып бөлінді.

**1 қыркүйекте** есептеуіш машиналар, математикалық физика теңдеуі кафедралары; экспериментальді физика кафедрасы және ядролық физика кафедрасы мен радиоактивті сәулелену кафедрасы болып бөлінді.

1960 жыл

**25 сәуірде** геология-география факультетінің атауы география факультеті деп өзгерді.

1961 жыл

Профессор, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер **А.С. Закарин** екінші рет ҚазМУ ректоры болып тағайындалды.

М.О. Әуезов атындағы студенттік әдеби бірлестік құрылды.

**15 тамызда** гидробиология және ихтиология кафедралары құрылды.

1962 жыл

**24 тамыз** күні метеорология кафедрасы құрылды.

**1 қыркүйекте** жоғары математика кафедрасы құрылды.

Жалғасы 3-бетте

“Silkroute Erasmus Mundus Action 2” бағдарламасы аясында “Silkroute” атты академиялық мобильділікті арттыруға бағытталған жоба бойынша құжаттар қабылдау жалғасуда

Жалғасы. Басы 1-бетте

## КУРАТОР-ЭДВАЙЗЕР МЕКТЕБІ - ТӘРБИЕ КӨЗІ

\*Тағам қабылдауға тәуелділік (булимия және анорексия) – адам мінезінің ерекшелігіне байланысты тағам қабылдау мінез-құлқының бұзылуы;

\*Аддитивті мінез-құлық – химиялық психоактивті заттарды шектен тыс қабылдау – алкоголизм, нашақорлық, токсикомания, шылым шегу) және химиясыз заттарға тәуелділік;

\*Фанатикалық мінез-құлық (деструктивті-религиоздық табыну, спорттың немесе музыканың қандай да бір түрімен шамадан тыс айналысу). Фанатикалық мінез-құлық түрінің ең қауіптісі деструктивті табыну;

\*Аутистік мінез-құлық – шынайы өмірге бейімделе алмаудан, қиял әлеміне кетуден (эскапизм), адамдармен араласудан бас тартып, жалғыздықты таңдаудан көрінетін мінез-құлық.

\*Виктимді мінез-құлық (ағылш. victim – құрбан) – адамның басқа біреудің өзіне аморальды, заңға қайшы әрекетіне көнуі. Мұндай мінез-құлықтың психологиялық негізі өз-өзін төмен бағалау, қарым-қатынастың үзілуінен қорқу болып табылады.

\*Өмірге қауіп төндіретін іс-әрекетке бару - бұл экстремалды спорт түрі, жоғары жылдамдықта машина айдау, т.б.

Осындай мәселелерді шешу үшін біріншіден, студенттерді рухани дүниені бағалай білуге, жағымды ой ойлауға бағыттауымыз керек. Осы орайда жоғарыда атап өткен семинар барысында студенттердің рухани дүниесін дамытуға бағытталған «Тыныштық сәті», «Ойымды жалғастыр», «Қауіпті аймақ» және тағы басқа психологиялық жаттығулар, педагогикалық ойындар ұйымдастырылды. Қатынасушы әрбір куратор-эдвайзер өзіндік пікірлерін білдірді. Алдағы уақытта әдістемелік-көмек құралдарын шығаруды ұсынды.

**Ұ.Б. ТӨЛЕШОВА,**

философия және саясаттану факультеті жалпы және этникалық педагогика кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты

В КазНУ в дни зимних каникул студентов доброй традицией стало проведение семинаров-тренингов Школы кураторов-эдвайзеров, организованных совместно с Департаментом по воспитательной работе.

## РАЗВИВАЯ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАВЫКИ



Символично то, что тренинги прошли 15 января 2014 года – в день рождения нашего университета. Традиции созидания, профессионального роста и развития образовательно-воспитательной среды всегда были сильны в университете. Мы продолжаем сохранять и развивать академические, воспитательные, профессиональные традиции старшего поколения ученых и преподавателей, казахстанской интеллигенции. В университете за последние пять лет восстановлен институт кураторства, создана инновационная образовательно-воспитательная среда, культивируются традиции педагогического наставничества.

В преддверии нового 2014 года ректор Г.Мутанов презентовал новый научно-инновационный проект «AL-FARABI UNIVERSITY SMART CITY», в котором соединены духовно-нравственные традиции, учение аль-Фараби с современной концепцией «умного города». Одна из главных задач нашей работы и данного проекта – развитие человека – студента как будущего специалиста, формирование интеллектуального потенциала нашей страны. Реализация проекта требует продления креативных идей каждым членом педагогического коллектива университета, воплощения профессиональной и творческой работы в развитие кафедр, факультетов, университета.

Вниманием и заботой к личности студента продиктована тематика семинаров Школы кураторов-эдвайзеров в этом году – «Технологии социально-педагогической работы куратора-эдвайзера со студентами группы риска». Семинар включал

теоретическую и практическую часть. Были рассмотрены вопросы: (1) кто такие студенты «группы риска»?; (2) причины отклоняющегося поведения и сложности студенческого возраста, возникающие риски; (3) факторы, влияющие на отклоняющееся поведение; (4) 5 типов проблем, возникающие у студентов в вузе; (5) закономерности профилактики; (6) условия работы со студентами и сами (7) технологии.

Кураторы в виде тренинга проиграли упражнения для кураторских часов по личностной самооценке студентов и их личностному развитию. Профессор З.Б. Мадалиева обучила кураторов-эдвайзеров простейшим арт-терапевтическим технологиям развития личности, которые позволяют раскрыть внутренний мир человека, формируют позитивное отношение к труду, профессии, укрепляют психологическое здоровье человека. Доцент Н. Анарбек сделала акцент на изучение видов манипулирования в общении. Доцент У.Б. Толешова активизировала внимание педагогов на духовно-нравственные ценности студентов в развитии личности.

Обмен мнениями и поиск решений в проблемных педагогических ситуациях позволил обогатить инновационный опыт кураторов. Такие тренинги не только способствуют профессиональному росту кураторов-эдвайзеров, но и укрепляют корпоративный дух университета.

**А.К. МЫНБАЕВА,**

зав. каф. общей и этнической педагогики факультета философии и политологии, руководитель Школы кураторов-эдвайзеров

КУНТИЗБЕЛІК

Жалғасы. Басы 2-бетте

## ТАРИХ БЕТТЕРІНЕ ШОЛУ

Қыркүйек айының 4-ші жұлдызында орыс филологиясы кафедрасы құрылды.

1963 жыл

Университетте алғашқы студенттік құрылыс отряды (ССО) ұйымдастырылды.

15 қыркүйекте ғылыми коммунизм кафедрасы құрылды.

Қараша. Жоғары молекулалық қосылыстар кафедрасы құрылды.

1965 жыл

Желтоқсан айында тарих факультетінде «Жеті муза» шығармашылық қауымдастығы ұйымдастырылды.

1 қыркүйекте гистология және цитология кафедрасы құрылды.

1966 жыл

18 сәуір күні құрылық гидрологиясы кафедрасы құрылды.

Желтоқсан. Қатты денелер физикасы кафедрасы құрылды.

1967 жыл

Қыркүйек айында жоғары оқу орындары оқытушыларының біліктілікті көтеру факультеті ұйымдастырылды.

1968 жыл

28 қазанда философия-экономика факультеті ашылды.

1969 жыл

Философия және логика тарихы кафедрасы құрылды.

1970 жыл

12 ақпанда радиохабар және телевизия кафедрасы құрылды.

1 қыркүйек күні салалық экономикалар кафедрасы құрылды.

Академик, техника ғылымдарының докторы, профессор, ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының Лауреаты, Ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, Қазақстан Республикасы механиктер мектебінің негізін қалаушы **Ө.А. Жолдасбеков** ректорлық қызмет атқарды.

Қазақ мемлекеттік университетінде С.М. Киров (бөлмесі) музейі ашылды.

Жалғасы бар...

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті  
мұражайы

## РОЛЬ ШКОЛЫ КУРАТОРОВ-ЭДВАЙЗЕРОВ

В условиях повышения качества подготовки молодых специалистов огромное значение играет формирование тесных и прочных связей между образованием, воспитанием, наукой и производством. В настоящее время на рынке труда действует жесткий принцип конкуренции, и для того, чтобы выпускник вуза приобрел статус успешного специалиста, необходимо обладать целым комплексом качеств, компетенций, востребованных на данном рынке. Что, в свою очередь, требует освоения студентами новых приемов, способов, методов, видов, форм выбранного профессионального направления: способность выражать свое мнение, работать в команде, убеждать, аргументировать, делать выводы, а также быть психологически и методологически готовым к изменению вида и характера профессиональной деятельности, готовность к самостоятельной креативной деятельности, связанной с общением с людьми в официальной и неофициальной обстановке. В связи с этим немаловажную роль играет вклад кураторов-эдвайзеров в формирование личности студента, особенно на первых курсах обучения, когда происходит адаптивный переходный период от вчерашнего школьника – к сегодняшнему студенту.

В университете активно функционирует Школа кураторов-эдвайзеров, которая оказывает им определенную помощь при работе со студентами. Недавно прошла зимняя школа кураторов-эдвайзеров, в программе которой были проведены семинары-тренинги «Научно-инновационный проект «Al-Farabi University Smart city» и «Технологии социально-педагогической работы куратора-эдвайзера со студентами группы риска», методический семинар по вопросам религии «Қазақстандағы дін: дәстүр мен дәстүрсіздік».

Во время семинара более опытные преподаватели делились своим педагогическим практическим опытом работы со студентами, относящимися к группе риска.

Подобные семинары-тренинги являются очень важными для полноценной и эффективной работы кураторов-эдвайзеров со студентами нынешнего поколения.

**Г.К. ЕРУБАЕВА**

к.б.н., доц. кафедры энергоэкологии факультета географии и природопользования

## БЕРЕРІ МОЛ ДӘРІС

Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент пен Куратор-эдвайзерлер мектебінің бірлесіп өткізген биылғы дәстүрлі әдістемелік семинарда қатысушылар «Қауіп-қатер тобындағы студенттермен куратор-эдвайзерлердің әлеуметтік-педагогикалық жұмысының технологиясы» тақырыбында тәжірибе алмасты. Жалпы және этникалық педагогика кафедрасының оқытушысы З.У. Елбаеваның ұйымдастыруымен сабақ өте қызықты да тартымды өтті. Ұстаз студенттердің есте сақтау қабілетін дамытатын түрлі жаттығулардан бастап қазіргі кездегі студент басынан өтіп жатқан жүрек ауыртар мәселелерді қозғай білді. Соны шешудің жолдарын әрбір эдвайзерді ойландыра отырып, топпен жұмыс істеу арқылы табуға тырысты. Халықаралық қатынастар факультетінің эдвайзерлері: Ж.Қ. Идрышева, К.Қ. Смағұлова, Л.А. Дүйсеева, З.А. Әбдідін, А. Қалиоллақызынан құралған бір топ ішімдікке бой алдырған студентті қауіп-қатерден құтқару жолын ұсынуда бірлесе еңбек етті. Ең алдымен, студенттің бұл жолға түсуіне не әсер етті деген сұрақ төңірегінде өз ойларымен (өзіне сенбеу, қиын отбасы, қоршаған достарының ортасы, әлеуметтік жағдай, т.б.) бөлісті. Себебін анықтау үшін ең бастысы студенттің өзімен тіл табысып, дос бола білу керектігі айтылды. Қиыншылықтан шығарудың жолдары: студенттің хоббиін ескере отырып, факультеттегі түрлі клубтарға тарту, топпен театр, киноға баруға, табиғат аясына шығу, топпен тіл табысуға үйрету ерекше қажет деген шешімге келді. Студенттің дұрыс тамақтануына да көңіл бөлу қажеттігін естен шығармады. Дені саудың – жаны сау дегендей, ол да көңіл-күйіне қатты әсер ететіндігін атап өтті. Әртүрлі көрнекі құралдарды (берілген журналдардан қажетті сурет қиындыларын) пайдалана отырып, өздері әртүрлі суреттер салу, пайдалы кеңестерді жазу арқылы берілген тапсырманы ойдағыдай орындап шықты.

**Г.У. АХМЕТАЛИЕВА,**

халықаралық қатынастар факультетінің аға куратор-ұйымдастырушысы

В КазНУ состоялся первый в Казахстане информационный семинар новой Рамочной Программы Европейского Союза по исследованиям и инновациям «Горизонт-2020»

# ҚАЖЫРЛЫ ДА, ҚАЙЫРЫМДЫ ДА ҚАРЕКЕТТЕРІ МОЛ ҚАЙЫРЖАН

**Қайыржан Әбділдаұлы Айтбаев - Қазақстанның белгілі мұнайшы геологтарының бірі. Шыққан тегі Қазақстанның орталық өңірін мекендеген қыпшақ руы. Ата-бабасы Ресейдің Омбы шаһарының маңына онтоғызшы қасырда қоныс аударады. Сол өңірде Қанапия атты елді мекенде 1932 жылы желтоқсан айының 1 жұлдызында Қайрекең дүниеге келеді. Бастапқы тәлім-тәрбиесін орыс жерінде алып, орысша мектеп бітіреді, аздап еңбекке де араласады. Бірақ туған жердің топырағының тартуымен, 1954 жылы ата қонысына оралып, ҚазМУ-дың мұнайшы геологтар даярлайтын факультетіне түсіп, оны 1959 жылы тәмамдайды. Сол кезден бастап Қазақстан жерінде үздіксіз, қажымай-талмай еңбек етумен күн кешіп, шаршап-шалдығуды білмеген, нағыз еңбекқорлардың бірі ретінде белгілі болумен келе жатқан азамат.**

Қайыржанмен ҚазМУ-да бес жыл бірге оқыдық. Оқуға түскен 1954 жылы, белгісіз себептермен оған жатақханадан орын тимей қалды. Бірінші курсты Атыраулық Төлеу есімді азаматпен «пышақтың қырындай» ғана темір төсекті бөлісіп жатып оқып шығуға мәжбүр болды. Көнбістік, шыдамдылық, төзімділік дегеннің не екенін сол жолы көріп білдік. Келесі жылы орын берілсе де, Қайыржан сол ҚазМУ-дың биология-топырақтану факультетінің қатарлас курсында дәріс алып жүрген Хадиша есімді қызға үйленіп, жатақханамен қош айтысады. Сүйіспеншіліктерінің мықтылығы соншалықты, оқуды тәмамдамай жүріп-ақ, Қайыржан мен Қадиша екі бірдей баланы дүниеге әкеледі. Кейінірек тағы үш балаға айтарлықтай үлгілі ата-ана бола білді.

1959 жылы оқуды аяқтаған соң, Қайрекең бәріміз сияқты Атырау жеріне жолдама алып, Құлсары бұрғылау кеңсесінің Борақұл, Прорва, Қараарна, Ақтөбе мұнайбарламаларында коллектор, геолог, аға геолог қызметтерін атқарып, аталған кен орындарының зерттелуіне үлесін қосады.

1964 жылы Маңғыстауда (Жетібай кентінде) жаңадан ашылған, мұнай-газ кен орындарын барлауды тездету үшін құрылған Маңғыстау терең ұңғымаларды сынау-байқау кеңсесіне бас геолог болып тағайындалып, сол өлкедегі барлау қызметтерінің пәрменденуіне үлесін қосады. Өзенмен қапталдас жатқан Теңге алаңынан өндірістік мәні бар өнім алуға атсалысып, ол кен орнының алғашқы ашушысы атағына да ие болды.

Ол кезде, әсіресе Маңғыстау өңірінде, кен орындары тез қарқынмен барланып жүрді. Мысалы, теңдесі жоқ алып Өзен 1961 ж. ашылды. 1964 жылы оның қор мөлшері КСРО мемлекеттік Қор комиссиясында бекітіліп, сол жылы өндірістік пайдалануға табыс етілді. Өзенмен бір жылы ашылған Жетібай кен орнын барлау да бес-ақ жылда, яғни 1966 жылы тәмамдалды. 1967 жылдың басында Қайыржан мырза Алматыдағы Оңтүстік Қазақстан геологиялық басқармасының мұнай-газ бөліміне басшылық етуге шақырылады. Ол басқарманың сол кездегі басқарушысы Қазақстанның белгілі геолог-барлаушысы, Социалистік еңбек ері, марқұм Нұрлығайын Төkenov

- Оңтүстіктің мұнайлы газдылығын анықтап, оны оң жағынан көрсетуді тездетуге бар күшін салып-ақ жүрді. Мұнай-газ қызметтерін басқаратын әккі маман іздеп жүрген Нұрекең Қайыржанды бір көргеннен ұнатып, іссапарда жүрген жерінен қызметке алып қалады. Оңтүстік өңірді, оның ішінде Алматыны газбен қамтамасыз етуді өзбек газының тәуелділігінен арылтып, шамасы жеткенінше, сол отынның келуін үздіксіз етуге үлесін қосумен келеді. Қайрекең бұл кен орындарының алғашқы ашушысы атағын алуымен қатар, Оңтүстік өңірдің геологиялық құрлымдарының ерекшеліктері мен мұнайлы-газдылығы туралы еңбек жазып, оны Мәскеуде қорғап геология-минералогия ғылымдарының кандидаты деген ғылыми атаққа да ие болды.

Қайыржан бүгінде «Саутс оил» мұнай компаниясының құрылтайшыларының бірі және сол компанияда әлі күнге дейін кеңесші болып қызмет атқарады.

Сайран, Ардақ, Шахмардан есімді ұлдары мен Балқия, Ләззат есімді қыздары айта қаларлықтай азамат, үлкен істердің басы-қасында жүр. Қайрекеңнің екінші келіншегі Райхан ханым қазір денсаулық сақтау саласының танымал мамандарының бірі, медицина профессоры. Қайрекеңнің сегіз немересі, тіпті, шөберелері де бар. Сөйтіп, Қайрекең бастаған үлкен отбасы «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», бірлікте, келісімде, татулықта, тәтті өмір кешуде. Қайыржан сексеннің сегізінде жетсе де төсек тартып ауырып жатқан пенде емес, осы уақытқа дейін көзіне көзәйнек



те кимейді, қолына таяқ та ұстамайды. Қайрекеңнің отбасына аман-саулық, табыс, ырыс, өзіне зор денсаулық, ұзақ бақытты өмір тілейміз!

Бір топ курстасы атынан, геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор, ҚАА-ның академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты, ҚР құрметті жер қойнауын барлаушысы  
**Садуақас ҚҰРМАНОВ**

## ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ. ҒАЛЫМ. АЯУЛЫ АНА

**Ұстаз — жан-жақты білімділікті, шеберлікті, икемділікті, ерекше мейірімділікті қажет ететін мамандық. Ұстаз - ардақты, тағылымы биік, жаны таза, көкірегі ояу, білімі жетік, жүзі жылы тұлға. Осындай асыл жандардың, ортаға сыйлы ұстаздардың бірі — химия ғылымдарының докторы, профессор Омарова Қайыңжамал Исканқызы.**

Қайыңжамал Омарова 1968 жылы С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. 1973 жылы Ленинград мемлекеттік университетінің коллоидтық кафедрасының аспирантурасын бітіріп, кандидаттық диссертациясын қорғады. ҚазҰУ-да 1973 жылдан бері аға оқытушы, содан кейін доцент, профессор қызметтерін атқарып келеді. Ұстаз 2005 жылы докторлық диссертациясын қорғады. Білім, мәдениет және денсаулық министрлігінің 1998 жылы Құрмет грамотасымен, 2007 жылы ЖОО-ның Үздік оқытушысы атағымен, 2009 жылы «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға 75 жыл» Құрмет белгісімен марапатталған.

Ғалымның 150-ден астам ғылыми жарияланымы бар. Оның ішінде 12-сі импакт факторлы журналдарда, 10-ы әдістемелік нұсқаулық, сонымен бірге қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жарық көрген 3 оқу құралы бар. Ол университет, факультет ұйымдастыратын қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып,



студенттерге тағылымды үлгі беріп келеді. Қайыңжамал Исканқызынан көп нәрсені үйренуге болады. Оның дәрістерін студенттер де, жас мамандар да қызыға тыңдап, ұстаздық ұлылық пен аналық мейірімге толы жылылықты сезінеді. Еліміздегі химик мамандарды тәрбиелеуде өнеге көрсетуші, жол сілтеуші ұстаз, табиғатынан қарапайым, өте кең тұлға. Әрқашан шәкірттерінің химия пәніне деген қызығушылығын оятып, шығармашылық қабілет дарытатын ұстаз асқаралы жасқа келсе де жалықпай еңбек етіп келеді. Оның шәкірттеріне үйретері әлі көп, химия ғылымына қосар үлесі әлі де зор деп білеміз. Профессор Қайыңжамал Исканқызын әріптестері, шәкірттері 70 жас мерейтойымен құттықтап, зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына бақыт тілейді.

**О.А. ЕСИМОВА, Ж.Б. ОСПАНОВА,** химия және химиялық технология факультеті, аналитикалық, коллоидтық химия және сирек элементтер технологиясы кафедрасының доценттері

## УЧИТЕЛЬ И НАСТАВНИК

**31 января ведущему профессору КазНУ, славному учителю — Ержану Байгужаевичу Жатқанбаеву исполняется 70 лет со дня рождения и 30 лет как он плодотворно работает в стенах родного альма-матер. За эти годы он прошел путь от доцента кафедры до проректора университета.**

Долгие годы Ержан Байгужаевич, работая деканом факультетов экономики и социологии, международных отношений, экономики и бизнеса, проявил лучшие качества хорошего руководителя. Ведь каждый начальник в определенной мере должен быть психологом, ибо правильный стиль руководства, благоприятная обстановка на работе, культура управленческого труда способствуют повышению качества и результативности работы, оказывают решающее влияние на результаты деятельности коллектива. И таким руководителем был Ержан Байгужаевич, который создавал здоровый психологический климат в коллективе, способствовал развитию творческой инициативы работников. Мотивация, гибкость, самоконтроль, позитивное отношение являются лишь немногими из личных навыков и достоинств, которыми он обладает.

В течение всего периода научно-педагогической деятельности Е.Б.Жатқанбаев отдавал все свои знания и энергию обучению подрастающего поколения. Под его руководством защищены более 40 кандидатских и докторских диссертаций по экономическим наукам, в том числе по PhD (доктора философии).

Ержан Байгужаевич большое внимание уделял созданию учебников и учебно-методических пособий по экономическим дисциплинам. Они опубликованы на казахском, русском и турецком языках в Алматы и Анкаре (Турция). Под его руководством были созданы авторские коллективы, которыми разработаны и изданы учебные пособия, практикумы «Экономическая теория», «Государственное регулирование экономики», а также Финансово-банковский словарь, сборник «Лауреаты Нобелевской премии по экономике»



и др. Им опубликованы более 210 научных и научно-методических работ, среди них около 20 учебников и учебных пособий, более 10 монографий. Его научные статьи изданы в Австралии, России, Словакии, Польше, Турции, Тайване, Индии, Кыргызстане и т.д.

Мы равняемся на него и благодарны судьбе, что нам выпала честь работать под его руководством. Е.Б.Жатқанбаев думает масштабно, нацелен на результат, устремлен в будущее, всегда имеет позитивный настрой.

И в этот славный юбилейный день хотелось поздравить нашего учителя и наставника, пожелать ему крепкого здоровья и творческих успехов!

**Г.А. САДЫХАНОВА,** начальник отдела по научно-исследовательской деятельности, **Л.А. БИМЕНДИНОВА,** заместитель декана ВШЭИБ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ ғылыми-технологиялық паркінің бизнес инкубаторы  
Инновациялық көсіпкерлік жобаға байқау жариялады**

## У НАС - ЕДИНАЯ ЦЕЛЬ

*В общежитии №17 студенты 1-3 курсов казахских отделений факультетов филологии, литературоведения и мировых языков, журналистики, географии и природопользования совместно с преподавателями кафедры русской филологии, русской и мировой литературы, провели очередное заседание Российского клуба студентов. Оно прошло в форме круглого стола с целью обсуждения нового Послания Нурсултана Назарбаева народу Казахстана.*

С докладом об основных задачах, решении которых преподаватели и студенты должны принять активное участие, выступила С.К.Сансызбаева. Руководитель Российского клуба студентов Х.С.Мухамадиев продемонстрировал на видеопроекторе выступление Лидера нации и прокомментировал приоритетные вопросы Послания. Ж.С.Абаева, ответственная за воспитательную работу на кафедре, остановилась на пунктах реализации «Стратегии-2050», модернизации социально-экономической системы республики для повышения уровня жизни населения. Она предложила студентам высказать личное мнение о том, что их особенно затронуло, взволновало, заинтересовало в содержании Послания Президента страны.

Молодежь поделилась своими впечатлениями и мыслями об улучшении качества национального образования, подчеркнув, что это зависит не только от самоотверженной работы преподавателей, но и от трудолюбия, упорства, желания студентов получать знания. Студенты говорили о неоспоримой пользе изучения других языков, но в тоже время подчеркивали необходимость всестороннего глубокого знания казахского языка. Они согласились с тем, что нужно уметь критически мыслить, самостоятельно заниматься поиском и глубоко анализировать полученную информацию. Интересовали также вопросы перехода ведущих университетов к академической и управленческой автономии. В своих выступлениях студенты выразили благодарность Президенту за постоянное внимание,

заботе и поддержку молодежи. Об этом свидетельствует предстоящее повышение размера студенческих стипендий.

Н.Т.Какишева озвучила планы Послания по вхождению Казахстана в число 30 развитых стран мира и предстоящей работе для достижения данной цели по следующим семи направлениям: инновационной индустриализации, развитию агропромышленного комплекса, созданию наукоемкой экономики, развитию инфраструктурной триады – агломерации, транспорта, энергетики, развитию малого и среднего бизнеса, совершенствованию работы государственных институтов. А.И.Ахметжанова рассказала студентам о том, какую большую пользу государству и народу принесет перспективное развитие городов Шымкент и Актобе, которые должны стать будущими центрами науки, культуры и образования.

Единодушно было высказано мнение о высоком историческом значении Послания 2014 года. Особенно всех затронули слова Президента о том, что «Мы, казахстанцы, единый народ! И общая для нас судьба – это наш Мәңгілік Ел, наш достойный и великий Казахстан! «Мәңгілік ел» - это национальная идея нашего общеказахстанского дома, мечта наших предков». И мы гордимся тем, что на нас и молодое поколение возложена большая надежда в реализации этих задач. У нас всех – единая цель, единые интересы, единое будущее!

**К.Т. КЕНЖЕЕВА,**  
старший преподаватель кафедры русской филологии, русской и мировой литературы

## Жаңашылдыққа негізделген семинар

*Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында университеттің 80 жылдық мерейтойы аясында «Шетелдік тыңдаушыларды жаңа тілдік және әлеуметтік ортаға бейімдеу: тәжірибе және инновациялар» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік семинар ұйымдастырылды. Шетелдік тыңдаушыларды жаңа тілдік және әлеуметтік ортаға бейімдеу, шетелдік тыңдаушыларға арналған пәндерді оқыту әдістемесі саласында оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктері мен ғылыми әлеуеттерін арттыру семинардың мақсаты болды. Семинар жұмысына кафедра оқытушылары мен қатар Абай атындағы ҚазҰПУ-дан, Талдықорған қаласының жоғары оқу орындарынан, С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық мемлекеттік университетінен, «Сырдария» университетінен оқытушы-профессорлар қатысты. Семинардың салтанатты ашылуында жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Ж.Е. Жаппасов, халықаралық білім беру департаментінің директоры Ж.Т. Молдағалиева құттықтау сөз сөйлеп, ғылыми семинардың шетелден келген тыңдаушылардың оқу-тәрбие үдерісіне бейімделу аспектілерін қарастыруда маңыздылығын қысқаша баяндап өтті.*

Семинар жұмысының бірінші бөлімінде кафедраның жетекші оқытушы-профессорлары аталмыш мәселеге қатысты баяндамалар жасады. Семинардың ғылыми бөлімін университеттің құрметті кафедра меңгерушісі, профессор Қ.А. Аққошқарова ашты. «Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасындағы оқыту мәселелерін оңтайлы шешу жолдары» атты баяндамасында ол бейімдеу мәселесіне қатысты кафедрадағы жетістіктер мен кейбір қиындықтарды атап өтіп, олардың шешу жолдарын баяндады. Әрі қарай доцент С.Б. Бөрібаева «Қазақ тілін үйретуде мультимедиялық және ақпараттық құралдарды қолдану» атты баяндамасында сабақ барысында мультимедиялық және ақпараттық технологияларды оқыту құралы ретінде қолданудың артықшылықтарын атап өтіп, мультимедиялық сабақтар бағдарлама тақырыптарын жетілдіруге, тіл үйренушінің өз бетінше білімін дамытуына ықпал ететіндігін баяндады. Сонымен қатар автор Ауғанстаннан келген тыңдаушыларға қазақ тілін оқытуда «Руханият» орталығы дайындап шығарған мультимедиялық оқулықтарды қолданатындығымен бөлісті. Кафедра доценті Р.Р. Әбішеваның «Оралман жастар және жаңа орта» атты баяндамасы шетелден келген қазақ диаспорасы өкілдерін жаңа әлеуметтік ортаға бейімдеу мәселесіне арналды. Баяндамашы еліміздегі жоғары оқу орындарында білімін жалғастыратын тыңдаушылардың жаңа ортаға бейімделіп, оны меңгеруі

үшін аудиториядан тыс шаралардың маңыздылығына тоқталды. Аға оқытушы Р.Б. Каупенбаева «Шетел азаматтарының оқу процесі арқылы бейімделуі» атты баяндамасында жаңа ортаға бейімделу үдерісін оқу үдерісі шеңберінде жүзеге асыру жолдарын атап көрсетті.

Екінші бөлімде кафедраның ардагер ұстазы Ж.С. Садықовтың математика пәні бойынша «Үшбұрыштар әлеміне саяхат», аға оқытушы Р.Т. Наралиеваның қазақ тілі пәні бойынша «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың әдістемелік ерекшеліктері» тақырыптарындағы шеберлік сыныптары өткізілді. Екі шеберлік сыныпта да ұстаздар слайдтар арқылы шетелдік аудиторияда дәріс беру шеберліктерін көрсетіп, өз кәсіби тәжірибелерімен бөлісті. Семинарға қатысушы оқытушылар тыңдаушы ғана емес, тәжірибелік жұмыстардың белсенді қатысушылары болды. Семинар жұмысының қорытындысы бойынша осындай оқыту тәжірибелерін жалғастыру жайында тілектер мен ұсыныстар айтылып, қатысушылар сертификаттармен марапатталды. Жалпы, бейімдеу үдерісінің сәтті өтуі шетелдік тыңдаушылардың білім сапасы мен деңгейін арттырып, білім, білік пен дағдыға ие болудың жоғары уәждемелігін қамтамасыз етеді және осы мәселеге арналған семинарлар өткізу оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктері мен ғылыми әлеуеттерін арттыруға ықпал ететіндігі сөзсіз.

**Ж.Т. АБДУЛЛАЕВА,**  
ЖОО-ға дейінгі дайындық кафедрасының доценті

## НЕТ ДЕТЕЙ-СИРОТ, ЕСТЬ ПРОСТО ДЕТИ

*Студенты юридического факультета вновь были в гостях у наших маленьких друзей в семейном детском доме «Нур», и мы очень рады были видеть, как многие из них уже нашли свои семьи, например, Амина, которая была очень похожа на девочку-персонажа из Корпорации монстров. Но, к сожалению, мы видели и новые лица... красивые, умные, талантливые дети... Дети - это счастье семьи! Каждый из нас хочет иметь семью, воспитывать и радоваться, глядя на своих детей! Ежедневно мы наблюдаем по телевидению, смотрим передачи, читаем газеты, о том, что маленькие дети, маленькие ангелы, ищут своих родителей... они просят, если их видят мама или папа, забрать их, ведь они очень их любят... После таких слов сердце невольно сжимается в груди от боли, что они, ни в чем неповинные, страдают по воле и вине своих родителей...*



Мы не солжем, если скажем, что сегодня многие из нас заикнулись на материальной стороне, разучились сострадать, делать добро бескорыстно, мы теряем духовность. Нашим детям,

младшим братьям и сестрам не хватает внимания со стороны взрослых, а с экранов телевизоров они видят только насилие. Представьте себе, что происходит с детьми, оставшимися без попечения

родителей. Они выброшены в жестокий мир взрослых, в котором школа - улица, живущая практически по криминальным законам. Они не смогут посещать школу, не смогут получить медицинскую помощь, никто не будет заботиться о них... Кто или что в будущем вырастит из этих детей?! Мы все знаем эту проблему, но в тоже время проходим, отворачивая глаза. Конечно, мы не плохие, и каждого из нас свои проблемы, и нам некогда открывать свою душу и сердце. Но ведь так мы сами учим детей бессердечью. А дети наше будущее, и каким мир будет, зависит от них...

Многие из этих детей попадают в детдом еще в таком возрасте, в котором трудно понять, почему рядом нет папы и мамы. Их нет рядом. Но среди многих людей есть мы. Студенты, преподаватели, певцы, актеры, люди «неважно какой профессии» ... Простые одиночки, которым не все равно на детские слезы, пролитые в подушку ночью. В каждом из нас есть силы изменить хотя бы один день этого ребенка. Пусть день, но этот день может подарить ребенку самое важное – Веру, Любовь, Заботу. Не в обычную «бытовую» веру в добрых «дядь и тетя», а в нечто более тонкое, но от этого не менее нужное – веру в «Мы». Мы можем сделать, пусть для нас совсем незначительные

вещи, но для детей это нечто большее – подарить подарки, придумать песенки, станцевать, спеть, посмеяться, поговорить по душам. Поверьте, им очень приятно увидеть простой полосатый мячик или плюшевого мишку, на котором написано «я тебя люблю»... Для них это важно. Им нужны не резиновая сфера и плюшевая форма – им необходимо чувство любви, внимания. В наших силах подарить им это! Очень важно по возможности чаще уделять внимание детям, которые в этом нуждаются... Хотелось бы, чтобы в следующий приход к нашим друзьям, их оставалось там меньше и меньше... Спасибо тем людям, которые дают им будущее...

Давайте не будем хладнокровными и будем больше оглядываться по сторонам... Наша акция милосердия под руководством кураторов-эдвайзеров Д.М. Баймахановой, К.Р. Усеиновой и Д.А. Оспановой заставила каждого студента задуматься о том, что такое семья и как важно ее иметь... Мы надеемся, что хотя бы эти 40 человек в будущем не совершат такую непростительную ошибку и не оставят своего ребенка.

**Акерке ЯГМУСОВА,**  
студентка 3 курса



## «ФИЛОСОФИЯ АДАМНЫҢ ЖАНЫН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БІРІНШІ - БАСҚЫШЫ, ЕКІНШІ - КӨРКІ»

Мұхтар Әуезов

### ФИЛОСОФИЯ ЖАЙЫНАН

(үзінді)

«Философияның басы – таңдану», – дейді Аристотель. Таңданудан барып адам бір нәрсені тексере ойлайды. Тексерген соң шынынан бұлдырды айырады. Бұлай болғанда философия бір нәрсені тереңдеп ойлау болады. Біздің күндегі көріп жүрген өмірімізде шын тереңдеп ойлап, таза ақылмен шешеміз дерлік жасырын терең сыр жоқ. Және бұлардың көбінің соңына алғы түскен бір беткей ғылымдар бар. Философияның кірісетін жері қолға ұстанып, көзге көрсетерлік дәлелдер табылмайтын, таза ақыл ғана шешетін сауалдар. Философия адамның басынан шыққан бар ғылымның тамырын бір араға жиып, сол шығарған қорытындысын адамның ақылына, жанына азық қылып береді. Философияның жолымен хақиқатты іздеуге адам құлаштаған кең ақылдың ғана нұсқаған жолында болып, терең ойдың түбіне телміре қарауына керек. Мұндай тереңдеп ойлаған ой бірден адамның көкірегін оятып, ақыл көзін дүниеге жайнатып ашқызады. Екінші адамды ұсақтықтан, басқа әр түрлі мінезсіздіктен құтқарады. Қай уақытта болса да, адам ақылының аймағы шынды, ақтықты іздеумен кеңейген болса, ол адамның адамшылығының жүзі жарқын болмақ. Және оның жүрегіне нық бекіген хақиқат жолдың беті ездікпен толқымайды. Бұл терең ойдың, ойшылдың өз басына келтіретін пайдасы. Адам баласы өзінің, өзгенің дәрежесін ұғып, шын адамның мағыналы өмір қалпына жетуі терең ойға жожа болуына байланысты. Дүниеге таза адамшылық сипаты, таза мінездердің күші жетпейді. Олардың әлі аз, өрісі жоқ. Дүниеде мәңгілікке орнап қаларлық адамшылық хақиқат жеке ғана мінезге сүйеніп тұра алмайды. Бұған ең бір күшті діңгек - бар адамның көкірегіне сіңген толғаулы терең ой. Соның себепті философия адам баласының жан тәрбиесінің, адамшылығының бірінші – өрлейтін басқышы, екінші – көркі. Бұл терең ойдың адам баласына жолдасшылық істей бастағанына үш мың жылдай болды. Адамның әуелгі аясы аз ақылының туғызған қараңғы танымын, меңіреу надандығын философия кетірген. Бұрынғы уақыттағы халықтың надандығы қандай болған, бұл надандықтан туған соқыр таным қандай болған, мұның бәрі тарих жүзіне қарасақ белгілі. Бірақ ол заманда да оқығандар, ойшылдар болмай қалмаған. Бұлардың көбі халыққа шешен тілімен кемшіліктерін суреттеп үгіттеген. Көбі сондарынан шәкірттер ерткен. Бұлардың артынан ерген шәкірттері ғылым үйреніп, дүниеге соқыр нанымнан құтылып, өздері жұртқа ғалым болатын болған. Сол ойшылдардың бәрінің сондағы тұтынып жүрген жолдары, айтып жүрген сөздері философия ғылымы болатын. Терең ой сондағы істеген басшылығынан әлі жаңылған жоқ. Философия заманның жәй қозғалысының артынан еріп, бақылап отырып бір жол ескіруге айналса, я теріс болса, оң, жаңа жол нұсқамай қойған жоқ. Адамның өмірін көкірегіндегі ақылдың (идеясы) билейді дейді. Ақылдың жолы билейтін болса, ол идеяны философия билейді. Осымен адам баласының ақыл жолындағы тарақтатын, бұған жалғасатын

адамшылық жолындағы тарақтатын да философия билейді.

Адамның жүрегі ағартып, адамшылығын арттырып ақтыққа сүйейтін үлкен күш – дін. Философия дінмен бастас ғылым. Себебі: екеуінің де іздейтін мақсұты бір түрлі. Философия шыннан шынды туғызып наман ізденетін жолда әуелгі ашпақ сыры дүниенің ең жоғарғы негізін таппақ, қайдан жаралғанын шешпек. Екінші, адамның жанын, ішкі қалпын тексермек, үшінші, адамның дүниеге келген мақсұтын тексермек. Бұл айтылған жолдар діннің де мақсұттары. Бірақ бұған ғана қарап философия мен дін бірігуге болмайды. Философияның айтатын жолы жалғыз ғана адамның таза ақылына сүйеліп айтылады. Және ол адамның ақылы айтқан жол болған соң, сынға алып, алғашқының дәлелін орынсыз тауып, әрлі-берлі толғап өзгертуге болады. Діннің жолы үлкен неден келді деп танылады, сол себепті мынасы дәлелсіз, мынасықате, өзгертемдеуге, шүбәлануға болмайды. Даяр, анық, даусыз нәрсе деп тануға керек. Бұдан соңғы бір айырмыштары: діннің мақсұтының аймағы, философияның мақсұтының аймағынан кең. Дін адамның ақылына аз да болса қорек берудің үстіне, алдымен, жүректі тәрбиелейді, мінезділікке үйретеді. Еріктің күшін тәрбиелейді (мұнда бір дін мақсұд болып айтылып отырған жоқ, бар діннің дін болғандағы мақсұды осы болатындығы айтылды). Философияның бар тәрбиелеп орын беретіні толғаулы терең ой.

Бұл уақытта ғылым көп тарауға бөлінді. Әрқайсысы өз ізденген жолындағы хақиқатын өзі таппақ. Бұлардың тапқанын дәл болмайды деуге болмайды. Ендігі табатынының бәрі де шын болмақ. Бірақ сонда да философияның керегі мол. Себебі өзге ғылымдардың бәрі де бірбеткей болып өзді-өз жағына кеткенде, әрқайсысы өз алдын ғана көретін аудансыз тар соқпақтың үстіндегі ғылымдар болып табылмақ. Бұлардың тапқанының бәрін жиып, қорытып жаңадан жөн тауып, жол салып адамның ақылын тәрбиелейтін бір ғылым тағы керек. Ол ғылым – философия.

Адам баласының көкірегіне адамшылықтың таза нұры кіруіне үлгілі тәрбие шарт. Тәрбиенің мақсұдын орындау үшін тәрбиешінің көкірегінде терең ойы болуына керек. Тәрбиенің жолымен өскен уақытта да адам баласын бауыр тұтып, бақытын ойлап, қамын жейтін болуға да терең ой керек. Адамның бойындағы қандай таза мінез болсын жалғыз ғана өзі болса, берік болуына болмайды. Билеп отырып, нығайтып, әуелгі таза қалпында сақтайтын қарауылшысы таза ақыл. Сол себепті әншейін жәй адамның адамшылығын сақтауына терең ой керек болғанда, көпшіл, қамқордың терең ойсыз болуына тіпті болмайды. Бұл адамдағы терең ойды тәрбиелеп жетілтетін философия. Сол себепті философия адамшылық жолындағы қараңғы қалтарыстарда қолға ұстайтын шамшырақ.

Өткен ғасырдың басында ғұмыр кешкен Алаш қайраткерлерінің шығармаларын тереңдеп оқыған сайын, олардың дарабоз болмысына көз жеткізесің. Арыстарымыздың қалдырған мұрасы мен мирасы баға жетпес рухани қазынамыз. Осы орайда Алаш ардақтыларының бірі Мұхтар Әуезовтің 1918 жылы жарық көрген «Философия» жайынан» атты мақаласы туралы сөз қозғаудың реті келіп тұр.

Аталмыш мақала адам баласы тұтынып келе жатқан ғылымның екіге бөлінуінен бастап ой өрістетеді. Бұл ғылымның бірі күнделікті мұқтаждықтан туындаған және адам баласының тіршілігімен нық байланысқан жаратылыстану ғылымдары. Келесісі, кең ақыл мен терең қиялдан туындаған адамның жанын тәрбиелейтін ғылым. Екі ғылымның түрі де бірнеше тарауларға бөлінеді. Барлық ғылымның құмары дүниенің сырын табудағы ақиқат болса, сол ізденісте ғылымдар жолы айырылысады. Бірақ соңғы ғылымның сан тарауларының тоғысар жері – философия болмақ. Өйткені философияның ізденіс құралы толғаулы терең ой.

Жаратылыстану ғылымдары дүниенің терең сыры жайлы өз шеңберінде ой айтса, философияның аясын көзбен көріп, қолға ұстауға келмейтін таза ақылмен шешетін сауалдар құрайды. Философия ғылымының артықшылығы – бүкіл ғылымның басын бір арнаға салып, олардан шыққан түйіндерді адам игілігіне, жанына азық қылып береді. Философия адамның ақиқатты іздеудегі кең ақыл нұсқауында болып, терең ойға шомуына септік етеді. Бұл адамның ойлау мәдениетінің қалыптасуына көмек болса, сондай-ақ оны жағымсыз әрекеттерден, мінезсіздіктен сақтайды. Екі түсініктің тек қана соңғысымен адамның рухани өрісі кең болмайды. Мінезділіктің арқауы толғаулы терең ойда. Терең ой адамды ессіздіктен сақтап, адамшылығын күшейтеді. Терең ойға иелік ету көкірек көзінің оянуы, дүниенің жарқын беттерінің ашылуы. Сондықтан да «Философия адамның жанын тәрбиелеудегі бірінші – басқышы, екінші – көркі», – дейді М. Әуезов.

Адамның жүрегі адамшылыққа тәрбиелейтін күш – дін, ал философия онымен біте қайнасқан ғылым. Екеуінің де ізденер мақсаты, біріншіден, дүниенің бастауы қашан, қайдан, қалай жаралғанын, ақиқатын табу болса, екіншіден, адамның жан дүниесінің мәнін түсіну, үшінші, адамның дүниеге келуіндегі мақсатын анықтау. Дегенмен, мұндай негізгі ұқсастықтарға байланысты философия мен діннің таным аудандары бір деп айтуға болмайды, себебі философия тек адамның ақылына ғана сүйеніп айтады және оны адам айтқандықтан арлы-берлі сынап өзгертуге болады. Ал дінде бұлар жаратушыдан келді деп даяр, анық, даусыз нәрсе ретінде танылып, қабылданады. Оған күмәнданып, мынауы қате, дәлелсіз деп шүбәлануға болмайды деп екеуінің ара жігін дәл ашып береді.

М. Әуезов нақты ғылымдарды «әр қайсысы өз алдын ғана көретін аудансыз тар соқпақтың үстіндегі ғылымдар болып табылмақ» деп сынап келе олардан шыққан қорытындыны бір жөнге салып, адамның ақылын тәрбиелейтін ғылым – философия дейді. Философияның берері мол, себебі адам баласының көкірегіне адамшылықтың нұры кіруіне таза тәрбие керек. Тәрбиенің мақсатын орындауда тәрбиешіде терең ойдың болуы шарт. Әр адам баласын бауыр, жолдас тұтып, бақытын ойлап, қамын жеуге де терең ой керек. Адам бойындағы терең ойды тәрбиелеп жетілтетін – философия ғылымы.

Самат ТҰРҒАНБЕКОВ,  
философия кафедрасының  
1 курс PhD докторанты

## Кітаптың да сұрауы бар

Қала халқы үлкен қарбалас үстінде. Жай жүрген бір жан жоқ, барлығының өте жауапты атқаратын немесе бітіретін істері бар сияқты. Сол қарбалас тірлікке анам екеуіміз де араластық. Үлкен сауда орталығынан кезегіміз келіп, керегімізді алып болғанша, біраз уақыт өтіп кетті. Қос қолымызды толтырып үйге қайтуға бет алдық. Көшенің арғы бетіне өту үшін, жерасты өткеліне түсуге тура келді. Жағалай сауда нүктелері, шұбырған халық. Кенет көзім бұрышта үйілулі жатқан кітаптарға түсе кетті. Қанша уақытым тығыз болса да, кітапқұмарлығым жеңіп, жақындай бердім. Жартылай ашық жатқан кітаптар түгелдей орыс тілінде. Орыс халқының небір ғұлама жазушылары мен шетел классиктерінің шығармалары көздің жауын алады. Кезінде, біздің буын болмаса да, аға буынның іздеп жүріп оқитын кітаптары. Осынша кітапты қалай қараусыз қалдырған, бұның бәрі кімдікі болуы мүмкін. Ең бастысы қанша қызықты кітаптар болғанымен ешкімнің назары оған ауып жатқан жоқ. Әрине, тап бүгін жұртшылыққа жаңа жылдан өзге қызық бола қоймас. Ал ертең ше? Әлде кітап атты сиқырлы әлемнің дәуірі өтіп кетті ме? Шіркін, кітап оқудан алатын ләззатты немен салыстыра аламыз? Жас ұрпақтың кітапқа деген құштарлығын қалай оятуға болады? Кім оятады? Ата-ана ма? Мектеп пе? Әлде оқу орны ма? Сансыз сұрақ санамды сансыратып жіберді. Осы кезде: «Қызым-ау, жұрсенші!» - деген анамның даусы болмағанда, тағы қанша уақыт тұрарымды кім білген. Қалып бара жатқан кітаптарға қарай-қарай анамның соңынан ілестім.

«Кітап - білім бұлағы, білім - өмір шырағы» - ерінім күбір-күбір.

Ақмөлдір ТІЛЕПБЕРГЕН,  
баспа ісі және дизайн кафедрасының ассистенті

На VIII Республиканском дебатовом турнире студент КазНУ Куралбек Алдонгаров стал победителем в номинации «Лучший спикер» формата Линкольн-Дуглас и занял 1-ое место в формате Американские парламентские дебаты

# ҚАЗІРГІ ЖАСТАР ТІЛІ

«Тіліңді жоғалтсаң,  
діліңді жоғалтсаң, жоғалтасың бәрін».  
Мұхтар Шаханов

Қазіргі кезде қоғамдағы жаһандану үдерісіне байланысты адамдардың қарым-қатынасында түрлі өзгерістер мен келеңсіздіктер көбейде. Айталық, жастардың әлеуметтік желілерде көптеп отыруы, тікелей көзбе-көз қарым-қатынастан гөрі интернет желілерінде қарым-қатынас құруы, сүзгіден өтпеген ақпараттар тасқынының келіп ағылуы, т.б. қоғамдық мәселелер құлашын кең жаюда. Пайдасынан гөрі зияны мол бұл құбылыстар тікелей адамдардың, соның ішінде, жастардың рухани дамуына кері ықпалын тигізеді. Ал барлығымыз білетіндей, қоршаған ортаның дүниетанымымызға, мінез-құлқымызға, әсіресе тілімізге тигізетін әсері өте зор. Осы әсердің нәтижесі тіліміздің сөздік қорында, тілдік қолданыстарда көрініс табады. Бұл өз кезегінде тілдегі рухани экология мәселесіне келіп тіреледі. Рухани экология, ең алдымен, ішкі жандүниеміздің, таным-түйсігіміздің тазалығы, ал бұлардың тазалығы тілдің тазалығына тікелей әсер етеді. Демек, жеке тұлғаның рухани тазалығы, сондай-ақ тіл тазалығы, маңыздылығы күннен-күнге арта түсетін, аса назар аударарлық мәселе болып табылады.



Бүгінде, жастардың арасында ана тілін құрметтеу, дәріптеу, қазақ тілінің әдеби нормаларын сақтап сөйлеу күннен-күнге азайып, тіл байлығы нашарлап барады. Оны танып, ойланып-толғанып, дұрыстайтын жастар жоқ, керісінше, тілдік қолданыстарындағы шұбарланған, сүйкімсіз, әдепсіз сөздерді «жаргон», «сленг» деп атап, әлдеқандай болатыны таңғалдырады да, толғандырады.

«Ана тілін тек өгей ұлдары ғана менсінбейді, өгей ұлдары ғана оны аяққа басады» деп Ғабит Мүсірепов атамыз айтқандай, жастардың өз ана тілін менсінбей, тілін шұбарландырып сөйлеуі қатты ойландыратын күрделі мәселе.

Күнделікті өмірде жастардың қолданысында «базар жоқ», «братишка», «братан», «бро», т.б. көптеген сөздің аса жиі айтылуы, сондай-ақ қазақша баламасы бар сөздерді де орысша айтып, оны зор мақтанш көретіндері де рас. Бірнеше мысал келтіре кетейік: по любому - не болса да, не де болса (Мен бүгін по любому сабақ жасамаймын); в тему, тема - сөзінің жаны бар, сөзі орынды (Асқар тема нәрсе айтып жатыр); если че - уақытың болса, керек болса (Ертең если че маған соғып кетші); т.с.с. Сондай-ақ бұрын тек ұлдардың сөздік қорында болған «базар жоқ, братан, от души ғой» деген сияқты сөз тіркестері қазіргі таңда қыздардың арасында да орын алып, қолданысқа терең сіңіп кеткен. Бұл сөздердің қазақша айтылатын өте әдемі баламасы, аудармасы бар болғанымен, жастарға бұл сөз тіркестерін дәл осы күйінде, орыс тілінде қолдану - зор абырой, мақтанш ететін сияқты. Әсіресе бізді аялап, мәпелеп өсірген, бала десе, ішкен асын жерге қоятын ата-анамыз да қазірде «махан», «пахан», «матя», «батя» болып аталып жүр. Осы атауларда сүйсіпеншілік сезімі былай тұрсын, сыпайылық пен кішіпейілділіктің

де лебі жоқ. Өз ата-анасын осылай атайтын жастарда анасына, әкесіне деген құрметтеу, сыйлау сезімдері бар ма деген сұрақ бірден ойға келіп түседі.

Тағы бір мысал ретінде «жынды ән», «жынды сурет», «жынды кітап», «жынды биші» деген сияқты тіркестерді айтуға болады. Бұларды жастар адамдарды немесе заттарды ұнатқанда мықты, әдемі, әсерлі деген сөздердің орнына қолданады. Ал ұлдарға қыздың сұлулығы, әдемілігі ұнаса, оны «ниче қыз екен», «норм қыз екен», «фигурасы ат екен» деп сипаттайды. Осы жаргондардың барлығы да көркемділік, эстетикалық жағынан болсын, рухани тіл тазалығы тұрғысынан болсын жүрдай екені көрініп-ақ тұр. Сонымен қатар «осы сен қуады екенсің», «басың қақпайды екен», «жындысың ба?» деген тіркестер, тіпті, тұрпайы әрі дөрекі естіледі.

Ас, тамақ, сусындарды сөз еткенде де өз атымен атамай, «хавчик», «сушняк» дейтіндері де бар. Сондай-ақ «жыртты», «қадап тастады», «тіреліп қалды», «өшті», «күлкіден өліп қалдық», «жыртылып күлдік» деген сөздердің мағынасын төмендегі мысалдардан көрсек болады: Данияр әнді жырттады (әнді жақсы, керемет айтады); Кеше мен ол баламен тіреліп қалып, қадап тастадым (сөзге келіп қалып, оның қателігін дәлелдедім); Ол өшті (не дерін білмеді, сөз таба алмады, жеңілді); Айгүлдің әңгімесін естіп, күлкіден өліп қала жаздадық (қатты, беріліп күлдік).

Жастардың тілінде таза орыс тіліндегі «да ну», «да ты че», «прикинь», «как бы», «так что» сөздерінің диалогтың айнымас бөлігі болып қалыптасып кеткендігі, сонымен қатар орысша-қазақша сөздер араласып, шұбарланып кеткен «каксын» (қалың қалай мағынасында), «маяк тастау», «скидовать ету», «тормозить ету», «зависать ету», «лапша ілу» сөздерінің тіл



Суретті түсірген Мамыржан БОТАБЕКОВ

## ҚОШПА АСҚЫМ КЕЛМЕЙДІ...

Расында, жастық шақ - көңілдің алып-ұшып, жүректің лүпілі ерекше сезілетін дәурен. Адам өмірінің 4 жыл уақытын қамтитын студенттік кезеңнің маңызы, қызығы - сөзбен жеткізуге келмейтін құбылыс. Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата университетінің студенті болып жүрген маған үш ұйықтасам түсіме кірмеген Алматының Қазақ ұлттық университетінің студенті болу бақыты бұйырды. Нақтырақ айтар болсам, академиялық ұтқырлық бағдарламасымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне жарты жыл оқуға келдім. Асыл да ардақты армандардың аспанда асқақтайтын алаңы Алматыдағы ұлттық университетке студент болуым студенттік шақтың елеулі оқиғасы болары сөзсіз. «Қуған жетпейді, бұйырған кетпейді» деген осы болар, сірә!

Әл-Фараби ғұламаның «Өз ісінің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, көп білуге ұмтылу керек» деген сөзі жігер отын жани түсті. Өз дәуірінде білім іздеушілер айшылық жерлерді артта қалдырып, білім биігіне көтерілуді мақсат тұтқан. Не де болса, мақсатқа өз-өзімізді жетілдіру арқылы жетеміз. Сондықтан өзіме берілген мүмкіндікті толықтай пайдалануға бел байладым. Алматыда өткен әр күннің мәнді, мағыналы, қуанышты сәттерге толы болуы үшін аянып қалмаймын, әлбетте. Жатақханада тұрақтаған студенттердің сазы да, назы да басқа болатынына көз жеткізіп үлгердім! Қиналып қамыққанда, жан жүдеп жабыққанда жаныңнан табылар көңіл қимас достар таптым! Тәжірибелі мамандар мен ұлағатты ұстаздардың мол тәжірибесі мен берер білімдерінен сусындап, жан-жақты әрі пайдалы білім игеруге талпынудамын!

Әсем қаланың әдемілігі, рухани өмірінен жаным шынайы ләззатқа бөленді. Мен үшін Алматы сыңғыр сезімнің, керемет көңілдің, өнегелі өмірдің, дархан достардың, жалынды жастардың, мөлдір мұңдардың, сезімтал сырлардың, шалқар шабыттың, балауса бақыттың, жауһар жыр-жақұттың, асыл арманның, жайсаң жандардың мекеніне айналды. Алматының күні мен түні жан біткенді бейжай қалдырмай, сезіміне сенім, арманына қанат бітіреді. Менің де сырғанаған сынаптай күндерім түрлі сезімге толы. Сансыз сезімдер: сағыныш, қуаныш, қимастық.

Ғ. Мүсірепов айтпақшы «Айтар ойың мен айтқан ойыңның арасында айырма болады». Жүректі кернеген сан алуан сезім - толғаныстардан ойым ұшқары, пікірім піспегендей көрінуі бек мүмкін. Әйтсе де, бір нәрсе анық. Ол - осы бір санаулы күндер мен айлардың өмір парағында алтын әріппен жазылары. Жүректің төрінен орын алған, аз уақытта көп қызық сыйлаған ару Алматымен, достарыммен, ұстаздарыммен қоштасқым келмейді.... Әттең....

**Гүлжайна ӨТЕПБЕРГЕНҚЫЗЫ,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық  
университетінің 3 курс студенті

тазалығымызды бұзып, өзінің зардабын тигізетіні сөзсіз.

Бұл айтылған жаргон сөздер жастар тіліндегі кең өріс алған паразит сөздердің жартысы ғана. Бүкіл сөздерді жинақтап, «Жастар тілінің түсіндірме сөздігін» жасауға әбден болады. Қазіргі таңда жастар тілінің қатты шұбарланып, дөрекі, тұрпайы, жағымсыз сөздерге толып кеткені бірден байқалып тұр. Бұның себебі неде? Біріншіден, бұған себеп- жастардың бір-біріне еліктеуі, яғни біреуі болмаса екіншісі жаргон сөздерді қолданса, сол сөздер жанында жүргендердің қолданысына еніп, бірте-бірте тіл тазалығын, рухани экологияны бұзады. Демек, бұл жұқпалы ауру сияқты. Белгілі бір әлеуметтік ортаның, адамдардың сөздік қорында бар болса, уақыт өте келе басқаларға да «жұғып кетеді». Екіншіден, қазір кең етек жайған әлеуметтік желілер мен ақпарат құралдарының теріс әсері. Үшіншіден, әрине, жеке адамның, тұлғаның, жастардың алған тәлім-тәрбиесі-отбасы берген тәрбие мен өзін-өзі тәрбиелеуі

жатады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, рухани экологияны сақтау - әрқайсымызға байланысты күрделі мәселе. Жастар тіліндегі рухани экологияның бұзылу-бұзылмауы әрбір жастың тіл тазалығын сақтауынан болатын жайт. Ой-өрісіміздің, тіл тазалығымыздың сақталу-сақталмауы да әрқайсымыздың құзырымыздағы игі іс.

«Қай халықтың болса да қоғамдық өсу-өркендеу жолында көтеріле алған биігі мәңгілік болып ана тілінде сақталып отырады. Ана тілі ғасырлар бойында жасала да береді, жасара да береді», - дейді Ғ.Мүсірепов.

Сондықтан да жастар, ана тілімізді ұмытпай, таза әрі бай қазақ әдеби тілімізде сөйлеуге тырысайық, тілімізге енген паразит сөздерден арылып, тілдің экологиясын сақтап, қорғап жүрелік. Мағжан Жұмабаев атамыз сенген және сенімін ақтаған жастар біз болайық!

**Эльмира ТЕМІРҒАЛИЕВА,**  
«Қазақ филологиясы» мамандығының  
2 курс студенті

# Спешите делать добро!

Эта чеканная в своей лаконичности формулировка принадлежит жившему более века назад московскому врачу Федору Петровичу Гаазу. Призыв к исполнению человеком его подлинного человеческого предназначения не утратил своей актуальности!

Преподаватели кафедры химии и химической технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, студенты и волонтеры студенческой организации «Волонтерское движение "Көмек"» факультета химии и химической технологии в очередной раз доказали, что доброе дело и необходимо, и востребовано всегда. Недавно ими было организовано спортивно-развлекательное мероприятие "Веселые старты" для детей с интеллектуальными нарушениями развития специализированной коррекционной школы-интернат № 7. В перерывах между конкурсами силами студентов была организована концертная программа. Предварительно, для проведения мероприятия были собраны денежные средства за счет проведенной благотворительной ярмарки на факультет химии и химической технологии. На вырученные средства были куплены призы, подарки для участников мероприятия "Веселые старты", а также была оказана спонсорская помощь школе. Так же школе были подарены вещи, собранные в рамках проведенного благотворительного мероприятия

на факультете химии и химической технологии. В игре приняли участие воспитатели школы, дети 7-8 классов, студенты и волонтеры. Все участники были награждены похвальными грамотами, а победившая команда детей - ценными призами, а также шестью номинациями - "самый ловкий", "самый быстрый", "за спортивный дух" и т.д.

Проведение такого рода мероприятий благотворно сказывается на формировании у студентов духовно-нравственного, гражданско-патриотического воспитания у студентов. Во все времена считалось, что помощь ближнему и немощному является одной из главных человеческих ценностей. «В здоровом теле - здоровый дух!». Спортивное мероприятие «Веселые старты» в школе-интернат №7.

**Г.С. ИРМУХАМЕТОВА,**  
преподаватель кафедры химии и химической технологии органических веществ, природных соединений и полимеров, к.х.н., доцент

Кафедрой теории и истории государства и права, конституционного и административного права совместно с научно-студенческим обществом юридического факультета проведен интеллектуально-познавательный конкурс «Лидер XXI века». Организаторы и участники НСО пришли к выводу, что нужен проект, способный нести образовательную функцию с целью выявления новых имен, потенциальных лидеров из числа одаренных студентов юридического факультета КазНУ.

## «ЛИДЕР XXI ВЕКА»

Стать участником интеллектуальной викторины «Лидер XXI века» мог только тот, чьи знания глубоки и обширны в области теории и истории государства и права. Основная цель - стимуляция образования, поощрение интеллектуального роста студентов.

Конкурсанты отвечали на такие вопросы, как: сущность современного государства и права; государство, право и глобальные проблемы человечества; правовой нигилизм и правовой идеализм и др.

Финалистами после двух отборочных туров стали: Молдір Мамытхан, Айдана Паизова и Венера Кенжина. По итогам последнего тура победителем познавательной интеллектуальной игры «Лидер XXI века» стала Айдана Паизова. Всем участникам были выданы сертификаты и призы.

**Г.Р. УСЕИНОВА,**  
заведующая кафедрой теории и истории государства и права, конституционного и административного права д.ю.н., профессор

шектеліп, имани тәрбие бере алмаса, қоғамда өз орнын таппаған, қоғам ішінде жүріп өзін жалғыз сезінетін адам пайда болады. Суицид Алла тағалаға серік қосу күнәсінен кейінгі екінші үлкен қылмыс болып табылады.

А.Ә. Байзахановтың айтуы бойынша, суицид қарттар мен наша-қорларға, жазылмайтын аурулар мен

қарай, бүгінде көпшілік қауым психолог қызметінің не екендігін және оның не үшін қажет екендігіне мән бере бермейді. Психологты көп жағдайда психиатрмен шатастырады, сондықтан да оның алдына баруға ұялады. Ал бұл екеуінің арасында айтарлықтай айырмашылық бар: психиатр ауруларды емдейді, ал психолог психикалық тұрғыдан сау адамдарды

# Қоғам дерті - «СУИЦИД»



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қатынастар факультетінің Халықаралық құқық кафедрасының 2 курс магистранттарының ұйымдастыруымен жақында «Жасөспірімдер арасындағы суицид мәселесі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Өзекті мәселені талқылауға Ле ауданы мешітінің имамы Әбілмәжін Ермұхамед, «Нұр Отан» халықаралық жастар ассоциациясының президенті А.Ә. Байзаханов, «Қазақ әдебиеті» газетінің журналисі А.Ж. Ашанова арнайы қонақ ретінде шақырылды. Пікір алмасу магистранттардың суицид туралы арнайы түсірген бейнебаянын көрсетуден басталды. 2 және 3 курс студенттері осы тақырыпқа қатысты баяндамалар жасап, талқыға салды.

Соңғы кездері елімізде суицид оқиғасының жиілеп бара жатқаны байқалады. Суицидке себеп болатын түрлі жағдайлардың бірі – тәлім-тәрбиедегі олқылық. Соның ішінде рухани тәрбиенің тоқырауы салдарынан бала құлазып, іштей күйзеліске ұшырайды. Ал бұл түзетуге келмес жағдайларға алып барады. Әбілмәжін Ермұхамед: "өзіне-өзі қол жұмсау – ислам дініне қайшы әрекет", – дейді. Алла елшісі (с.а.с): «Әкенің балаға берген ең бағалы мұрасы – тәрбие», – деген сөзінің мәні де тәрбиенің маңыздылығын көрсетеді. Ал ата-ана баланы дүниеге әкелумен ғана

қылмыскерлерге тән. Статистика бойынша жер шарында 600 мың адам жыл сайын өзіне-өзі қол жұмсайды. Соңғы онжылдықта жастардың арасындағы өзін-өзі өлтіру 3 есеге өсті. Суицидтің негізгі себептері: ата-анасымен және өзімен жасты балалармен қақтығыс, жауапсыз махаббат, болашақтың алдында қорқыныш сезімі, жалғыздық. Жыл сайын әрбір он екінші жасөспірім 15-19 жас аралығында өзін-өзі өлтіруге әрекет жасайды.

Жастар арасындағы суицид мәселесін зерттегенде анықталғаны: тұтастай алғанда көп жағдайларда жасөспірімдер ата-аналарының, мұғалімдердің назарын өз мәселелеріне аудару мақсатында өзіне-өзі қол жұмсауға шешім қабылдайтыны және осындай келеңсіз түрде үлкендердің селқостығы, парықсыздық, арсыздық және қатыгездігіне қарсылықтарын білдіреді. Демек, балаға көбірек қуаныш сыйлап, отбасы, туған-туыс, достарымен, дұрыс ортада жиі араласу қажет, болашаққа деген ұмтылысы мен сенімін қолдау, ұсақ-түйек үшін ашу-ызаға булықпау керек. Оған ата-анамен қатар оқу орындарындағы ұстаздар да жауапты.

Әрине, қазіргі таңда жасөспірімдердің мәселесі қоғам назарынан тыс қалып жатқан жоқ. Қандайда бір қиындықтармен олқылықтардың алдын алу мақсатында барлық қала мектептерінде психолог-мамандар жұмыс істейді. Өкінішке

емдейді. Кейбір психологтардың айтуы бойынша, психологтар жасөспірімдермен бірге ата-аналарымен де жұмыс жасауы қажет, ол ата-аналарының балаларын жақсы түсініп, балада болған стрестік жағдай кезінде дұрыс көмек көрсете білуді үйретеді.

Бұл проблеманы шешудің бірден-бір жолы - отбасы мен бала арасындағы байланысты нығайту, арадағы сенімді күшейту.

Еліміздің елдігін танып, оны жетілдіріп дамытатын - жас ұрпақ. Сондықтан да еліміздің болашағы жас жеткіншектің білім дәрежесінің тереңдігімен өлшенеді. Балаларға білімді, адамгершілік пен рухани құндылықтарды, ұлттық тәрбиені насихаттап, сіңдіру керек. Жасөспірімдердің өмірге деген құштарлығын оятып, білімге, ата-анаға, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру қажет.

Дөңгелек үстелге жауапты кафедра оқытушылары з.ғ.к., доцент Г.А. Машимбаева мен Ж.Т. Сайрамбаева қоғамның ауыр проблемасына айналған суицид туралы ой бөліскендері үшін қонақтар мен студенттерге алғысын білдіріп, бірауыздан қазақ қоғамында балалар өлімі азайса екен деген тілек білдірді.

**А. ДӘУРЕНБЕКОВА,**  
2 курс магистранты

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЯҚАСЫ

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА  
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА  
Тілшілер: Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА  
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ  
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

### МЕКЕНЖАЙЫ

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.  
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru  
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. "Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.  
Тел.: 8 (727) 293-09-09

### Бағасы келісім бойынша. Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 74

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.